

**Қазақстан Республикасының Ұлттық патент ведомствосы туралы <\*> ЕСКЕРТУ.  
Қаулының аты мен мәтініндегі сөздер алынып тасталды - ҚРҰ-нің 1996.08.20. N 1031  
қаулысымен.**

Қазақстан Республикасы Министрлер Кабинетінің қаулысы 21 шілде 1992 ж. N 622

Қазақстан Республикасы Президентінің "Қазақстан Республикасының Ұлттық патент ведомствосы туралы" 1992 жылғы 23 маусымдағы N 806 Жарлығына сәйкес Қазақстан Республикасының Министрлер Кабинеті қаулы етеді:

1. Қазақстан Республикасының Ұлттық патент ведомствосына (Қазпатент) мынадай негізгі міндеттерді орындау:

- өнеркәсіптік меншік объектілерін қорғау саласында мемлекеттік саясат жүргізу;
- біртұтас патент жүйесін құру;
- өнертабыс пен патенттік-лицензиялық жұмысты ұйымдастыру және жетілдіру;
- өнер табыстарға, өнеркәсіптік үлгілерге, товар белгілеріне және өнеркәсіптік меншіктің басқа да объектілеріне қорғау құжаттарын беру;
- республиканың өнер табыстарын шет елдерде патенттеу;
- өнеркәсіптік меншік объектілерін қорғау саласында басқа мемлекеттермен және халықаралық ұйымдармен ынтымақтастықты жүзеге асыру;
- өз құзырының шегінде заң және заңға негізделген актілердің, нормативтік құжаттардың жобаларын әзірлеу;
- өнеркәсіп меншігін қорғау саласындағы мамандар мен патент сенімгерлерінің қайта даярлануын, біліктілігінің арттырылуын және оларды аттестациялауды ұйымдастыру жүктелсін.

2. Қазақстан Республикасының Ұлттық патент ведомствосына өзіне жүктелген міндеттердің шегінде министрліктер, ведомстволар, кәсіпорындар ұйымдар және ведомстволық бағыныстылығы мен меншік нысанына қарамастан республикадағы экономикалық қатынастардың басқа да субъектілері орындауға міндетті шешімдер қабылдау хұқығы берілсін.

3. Қазақстан Республикасының Ұлттық патент ведомствосының құрамында өнер табыстарын, өнеркәсіптік үлгілерді, пайдалы үлгілерді, товар белгілері мен қызмет көрсету белгілерін таңдауды жүзеге асыратын, оларды пайдалануға патент иелері шарттық негізде мемлекетке ерекше хұқық беретін Қазақстан Республикасы Өнер табыстарының мемлекеттік қоры құрылсын.

4. <\*>

5. <\*>

6. Қазақстан Республикасының Қаржы министрлігі республикалық бюджеттен

Қазақстан Республикасының Ұлттық патент ведомствосының орталық аппаратын ұстауға, сондай-ақ кадрларын даярлау мен қайта даярлауға қажетті қаржы бөлетін болсын.

7. Патент қызметінің бұрынғы Бүкілодақтық орталығы кәсіпорынының Алматы филиалы мен Өнеркәсіптік меншік саласындағы кадрларды қайта даярлау және біліктілігін арттыру жөніндегі бұрынғы Бүкілодақтық институттың Алматы филиалы Қазақстан Республикасының Ұлттық патент ведомствосына бағындырылсын. Олардың қызмет етуіне қолайлы ұйымдастыру нысандарын таңдап алу мақсатында аталған құрылымдарды қайта құруды Қазақстан Республикасының Ұлттық патент ведомствосы жүзеге асырады.

8. Ведомство қызметкерлеріне қызмет көрсету үшін Қазақстан Республикасының Ұлттық патент ведомствосына қызмет бабында пайдаланылатын 2 жеңіл автомобильге лимит белгіленсін.

9. <\*>

ЕСКЕРТУ. 4,5,9 және 11-тармақтарының күші жойылды - ҚРҰ-нің 1997.02.12. N 203 қаулысымен.

(10-тармақ) <\*> .

Ескерту. 10-тармақ күшін жойды - ҚРМК-нің 05.12.1994 ж. N 1369 қаулысымен.

11. <\*>

12. Қазақстан Республикасының Байланыс министрлігі Қазақстан Республикасының Ұлттық патент ведомствосының өтінімі бойынша қажетті техникалық құралдармен, телефон, телекс және телефакс арналарын бөлуді белгіленген тәртіппен қамтамасыз етсін.

13. Алматы қаласының әкімі және Қазақстан Республикасының Меммүліккомы Қазақстан Республикасы Ұлттық патент ведомствосы мен Қазақстан Республикасы Өнер табыстарының мемлекеттік қоры үшін бір ай мерзім ішінде Алматы қаласынан қызмет үйін бөлетін болсын.

14. Қазақстан Республикасының Ұлттық патент ведомствосы 2 ай

мерзім ішінде "Қазақстан Республикасының Ұлттық патент ведомствосы туралы" Ереженің жобасын Қазақстан Республикасының Министрлер Кабинетіне түсіретін болсын.

15. Қазақстан Республикасы Министрлер Кабинетінің "Қазақстан Республикасының ғылым және жаңа технологиялар министрлігі туралы" 1992 жылғы 12 наурыздағы N 221 қаулысы 7-тармағының бесінші және жетінші абзацтарының және 10-тармағының күші жойылған деп танылсын.

Қазақстан Республикасының  
Премьер-министрі

© 2012. Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінің «Қазақстан Республикасының Заңнама және құқықтық ақпарат институты» ШЖҚ РМК